

ӘКІМ НЕ ДЕЙДІ?

Жасыратыны жоқ, қаладағы жылу беру жүйесінде кейде ақаулар орын алып, тұрғындарға жылу белгіленген мөлшерден төмен деңгейде жетіп жатады. Тіпті апатты жағдайлар да тіркеліп, бұл жұртшылықтың наразылығын тудыратыны анық. Алайда мұндай мәселелер қала әкімінің назарынан тыс қалып отырған жоқ. Қаңтардың алғашқы онкүндігінде орын алған сондай бір жағдайға байланысты қала әкімі тұрғындармен арнайы кездесіп, мән-жайды түсіндіріп, атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарларды ортаға салды.

ЖЫЛУ ЖӘНЕ АБАТТАНДЫРУ – басты назарда

– Мәселелерді кабинетте емес, дәл халықтың ортасында – олардың тұрмыстық жағдайында, күнделікті кездесетін қиындықтарының арасында талқылау аса маңызды деп санаймын, – дейді Мұрат Ерболатұлы өзінің «Фейсбук» әлеуметтік желісіндегі парақшасындағы жазбасында.

– Осы мақсатта әкім қаланың төменгі бөлігінде орналасқан «Сүйікті қала» мекемесіне қарасты тұрғын үйлердің жағдайымен танысып, Гурбы көшесі, 34-үйдің жертелесінде тұрғындармен жүздестім. Кездесу барысында 7 қаңтар күні жылу желілерінде орын алған апат салдарынан бірқатар пәтерлерде жылудың жеткіліксіз болғаны айтылды.

Белгілі болғандай, бұл аумақтағы үйлердің басым бөлігі бірінші жылу магистраліне қосылған. Ал оның тозу деңгейі бүгінде 70 пайызға дейін жеткен. Осыған байланысты былтыр №1 және №2 жылу желілеріне күрделі жөндеу жұмыстары басталған. Биыл бұл жұмыстар өз жалғасын тауып, магистральдарды жаңарту арқылы жылу беру сапасын арттыру көзделіп отыр.

Тағы бір өзекті мәселе – 10-шы кварталдағы қоқыс шығару және аумақтың тазалығы. Өткен жылы төменгі аумақтағы төрт кварталда абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, оң нәтижесін берген. Сол тәжірибе биыл 10-шы кварталда да қолданылып, инфрақұрылым кезең-кезеңімен жаңартылатын болады.

Жалпы, тұрғындармен мұндай ашық кездесулер мәселені жедел анықтап, нақты шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Уақыт бөліп, пікір айтып, кері байланыс берген әрбір азаматқа алғыс білдіремін. Қала – бәріміздің ортақ үйіміз, оны бірге дамытамыз, – деді қала әкімі.

«Шарайна ақпарат».



V ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ: ауқымды реформалардың қозғаушы күші



Қызылорда қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Ұлттық құрылтайдың V отырысы өтті. Бұл жиында Президент қоғам дамуының өзекті бағыттарын айқындап, Конституциялық және Парламенттік реформалардың мәні мен маңызын кеңінен тарқатты. Құрылтай барысында экономикалық өсім, білім мен ғылымды дамыту, цифрландыру мен жасанды интеллект, ұлттық бірегейлік, мәдени және рухани мұра, жастар саясаты, әйелдер мен бала қауіпсіздігі, су ресурстары сияқты ел болашағына тікелей әсер ететін бағыттар кеңінен қаралды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың ел өміріндегі маңызына тоқталып, соңғы төрт жылда құрылтай мүшелері ел дамуына ықпал ететін бірқатар маңызды бастамаларды көтергендігін атап өтті. Бүгінгі күнге дейін Ұлттық құрылтайда айтылған ұсыныстардың негізінде 26 заң қабылданды. Бұл – Құрылтай ауқымды реформалардың негізгі қозғаушы күші болғанын айқын көрсетеді.



БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

МЕЗГІЛ ТАЛАБЫ – ЫҚПАЛДЫ ПАРЛАМЕНТ

Қоғам дамуының әр кезеңі өзіне сай саяси шешімдерді талап етеді. Бүгінгі Қазақстан үшін сондай тарихи мезет – өкілді билікті күшейту, Парламенттің рөлін жаңа деңгейге көтеруге мәселесі. Мәулен Әшімбаевтың мақаласында айтылғандай, бұл бастама жай ғана құрылымдық өзгеріс емес, мемлекеттің саяси жүйесін заман талабына сай бейімдеудің маңызды қадамы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынып отырған бір палаталы Парламент идеясы «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасының қисынды жалғасы болып отыр. Яғни билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, заң шығарушы органның ықпалын арттыру көзделеді. Бұл – орталықсыздандыру бағытының саяси көрінісі, қоғамның пікірін нақты ескеретін жүйеге көшуге бағытталған қадам.

Қазақстан Парламенті отыз жыл ішінде мемлекеттіліктің тірегіне айналды. Мыңдаған заң қабылданып, елдің экономикасы, әлеуметтік саласы, қаржы жүйесі, сыртқы саясаты осы институт арқылы құқықтық негізге ие болды. Дегенмен уақыт өзгерді. Қоғам саяси жағынан есейді, азаматтардың талап-тілегі артты, ақпараттық және цифрлық кеңістік саясаттың сипатын түбегейлі өзгертті. Сондықтан өкілді биліктің де мазмұны жаңаруы заңды.

Әшімбаев атап өткендей, бір палаталы Парламент – бұл жай ғана Сенат пен Мәжілісті біріктіру емес. Бұл – формалды емес ықпалдарға жол бермейтін, партиялық бәсекеге негізделген, қоғамның барлық әлеуметтік топтарының мүддесін тоғыстыратын жаңа саяси тепе-теңдік жүйесін қалыптастыру. Мұндай Парламент атқарушы билікке шынайы ықпал ете алатын, бақылау функциясын күшейтетін, сонымен бірге саяси тұрақтылықты сақтайтын органға айналуы тиіс.

Тағы бір маңызды түс – көп партиялықты дамыту. Пропорционалды жүйе арқылы қалыптасатын Парламент партиялардың жауапкершілігін арттырып, оларды нақты әлеуметтік топтардың мүддесін қорғауға мәжбүр етеді. Бұл саяси бәсекені күшейтіп, қоғамдағы пікір алуандығын заңды арнаға түсіреді. Нәтижесінде Парламент елдегі басты саяси пікірталас алаңына айналады.

Цифрлық демократия идеясы да уақыт талабынан туындап отыр. Электронды Парламент, жасанды интеллект пен үлкен деректерді пайдалану заң шығару процесін ашық, жылдам әрі сапалы етуге мүмкіндік береді. Қоғам мен билік арасындағы байланыс тікелей әрі үздіксіз сипатқа ие болады. Бұл өкілді биліктің классикалық моделінен «тұрақты диалог» форматына көшудің белгісі.

Қорыта айтқанда, парламенттік реформа – тек саяси институтты жаңарту емес, Қазақстандағы мемлекеттік басқарудың философиясын өзгерту. Парламент заң қабылдайтын орган ғана емес, қоғамдық пікірді шоғырландыратын, азаматтардың үні естілетін, әділетті және ашық саясаттың өзегіне айналуы керек. Мезгіл осыны талап етіп отыр. Ықпалды Парламент – әділетті қоғамға бастайтын басты тірек, ал ол Тәуелсіз Қазақстанның саяси кемелденуінің жаңа кезеңін айқындайды.

Ізтай БЕЙСЕНБАЕВ,
«Шарайна» газетінің
бас редакторы.

ISCHE СӘТ, AI ЖУРНАЛИСТ!

ЖАҢА ЖОБА: ЗАМАНАУИ АҚПАРАТ КЕҢІСТІГІНЕ БАТЫЛ ҚАДАМ

Сәтбаев қаласында ақпарат саласына тың серпіліс берген ерекше жоба іске қосылды. Қала әкімдігінің баспасөз қызметі қолға алған «AI журналист» бастамасы – жасанды интеллект мүмкіндіктерін жергілікті деңгейде тиімді пайдаланудың нақты үлгісі. Бұл жоба арқылы енді қаладағы барлық маңызды жаңалықтар әлеуметтік желілерде жедел, жүйелі және ресми түрде жарияланып, тұрғындарға дер кезінде әрі нақты ақпарат жеткізілетін болады.



→ 3

→ 2

V ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ: ауқымды реформалардың қозғаушы күші

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

1 Арал мәселесі

Аралды құтқару – барша адамзат үшін әлі де өте өзекті міндет. Мен бұл мәселе туралы халыққа Жолдауымда айттым. Жылдар бойы жүргізілген жұмыстың арқасында Солтүстік Аралды құтқарып қалдық. Қашқан теңіз қайтып, Кіші Аралдың қалпына келе бастағанына біраз жыл болды. Қазір Көкарал бөгетін биіктету шаралары қолға алынып жатыр. Жоба осы жылдың соңында басталады. Кіші Аралдың суының көлемін айтарлықтай көбейтуге мүмкіндік болады.

Бірақ бұл тек біздің қолымызда тұрған мәселе емес. Қазақстандағы ірі өзендердің көбі бастауын көрші мемлекеттерден алады. Дарияның басында тұрған елдердің су саласындағы саясатына байланысты Сырдың суы теңізге әр кезде әртүрлі көлемде жетеді. Демек көп түйткілді шешімі су саласындағы шебер дипломатияға байланысты. Қазір Орталық Азия елдерінің бәрімен су ресурстарын бірлесе пайдалану туралы келісімдер жасалды. Түптеп келгенде, Арал ғана емес, Каспийдің, Балқаштың, Ертістің тағдырын шешу үшін көршілермен мәмілеге келіп, келісімдерге қол қоюымыз қажет.

Су – еліміз үшін стратегиялық ресурс. Біз су мәселесімен жүйелі түрде айналысуымыз керек. Мен былтыр Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында Халықаралық су ұйымын құруды ұсындым. Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау барысында осы мәселені алға қарай жылжытуымыз қажет. Алдағы сәуірде Астанада Халықаралық экология саммиті өтеді. Жиында Аралды құтқару қорына мүше мемлекеттер басшыларымен Арал мәселесін талқылаймыз. Кіші Аралдың қалпына келуі бүкіл Сыр өңірін одан әрі көркейтуге жол ашады деп үміттенеміз.

Мәдениет пен өнер

Қоғамның санасы жаңғырмаса, реформалар ойдағыдай нәтиже бермейді. Бұл – ақиқат. Сондықтан біз руханият мәселелеріне айрықша мән береміз. Бұл салада бұрын-соңды болмаған ауқымды шаруалар қолға алынады. Атап айтқанда, Алматы облысында қазақ драма театры, Абай, Ақтөбе облыстарында театрлар бой көтереді. Шымкентте де Опера және балет театрының құрылысы басталмақ. Биыл Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының ашылуына 100 жыл толды. Осыған орай, театр ғимаратына жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмысы аяқталмақ. Наталья Сац атындағы орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры да жаңғыртылады. Бұдан бөлек, екі жылдың ішінде елімізде 100-ден астам мәдениет ошағы жөнделеді.

Біз соңғы жылдары сан ғасырлық тарихи мұрамызды ғылыми тұрғыдан зерделеу және дәріптеу жолында біраз жетістікке жеттік. Биыл көктемде Жошы хан туралы деректі фильмді түсіру жұмыстары аяқталады. Мен осы ауқымды жобаның басталғаны туралы Атырауда өткен Құрылтай отырысында айттым. Көп сериялы фильмнің тұсауесері беделді халықаралық платформаларда өтеді. Бұл туынды Алтын Орда брендин жер жүзіне дәріптеуге ықпал етеді. Бірақ осындай тарихи тақырыпқа келгенде тартымды, көрнекі, яғни визуалды бейне жасаудан бөлек, алдымен оның ішкі мазмұны, мән-мағынасы терең болуын ойластыру қажет. Сондықтан менің тапсырмаммен мамыр айында Алтын Орда тарихына арналған халықаралық симпозиум ұйымдастырылады. Іс-шараға өлеңімнің беделді ғалымдары шақырылады.

Біз тұтас түркі өркениетін зерделеуге де баса мән береміз. Қыркүйекте ресейлік әріптестерімізбен және басқа да елдердің өкілдерімен бірге «Өр Алтай – түркілердің ата қонысы» деген халықаралық конференция өткізуді жоспарлап отырмыз.

«Мемлекеттік Туды қайда және қашан қолданған жөн?»

Бұл мәселе арнайы нормалармен және ережелермен реттеледі. Мемлекеттік рәміздерді пайдалануға жеңіл-желпі, салғырт қарауға болмайды. Заң талабы әрдайым орындалуға тиіс. Дегенмен, ең алдымен, заңның түпкі мәнін терең түсіну керек. Мемлекеттік рәміздерді қадрлеп, оларды жөнімен пайдаланатын отаншыл азаматтардың барынша қолдау қажет. Мен үйлерде, көліктерде, көшелерде, сондай-ақ еліміздегі, әсіресе, шетелдегі спорттық және іс-шараларда көк Туымыз желбірен тұрғанда қуанып қаламын. Сол арқылы еліміздің азаматтары бірлігі бекем ұлт екенімізді

көрсетеді. Олардың әрекеттерінен туған елін мақтан тұтатыны байқалып тұрады.

Қыз алып қашу – адам ұрлау

Мемлекеттің ұстанымын «Әр азаматтың таңдау құқығы бар. Алайда ешкім өз таңдауын біреуге күштеп таңа алмайды» деген формуламен түйіндеуге болады. Біздің мемлекетіміз барлық азаматтың құқығы мен бостандығын, ар-намысын табандылықпен қорғай береді.

Шымкентте Нұрай есімді бойжеткеннің кісі қолынан қаза болуы бүкіл елді дүрліктірді. Ұлттық құрылтайға осы оқиға бойынша 130-дан астам өтініш келіп түсті. Күдіктің Нұрайды аңдып, маза бермей, қоқан-лоқы көрсеткені анықталып отыр. Ақыры, мұның арты адам өліміне өкел соқтырды. Бұл – ұлтымыздың беделіне нұқсан келтіретін өрескел, жабайы қылмыс. Ондай қатігездікке ешқашан жол беруге болмайды.

Жыл өткен сайын халықтың сана-сезімі есіп, қоғамда азаматтық жауапкершілік деңгейі артып келеді. Заңнамалық өзгерістер де соған сай болуы өте маңызды. Біз мен тәртіп – бөріне ортақ. Еліміздің әрбір азаматы заң талаптарын бұлжытпай орындауға тиіс.

Көмір – біздің стратегиялық активіміз

Қазақстанда 123,1 миллиард киловатт-сағат көлемінде электр қуаты өндіріледі. Барлық жоспарымызды табысты орындауға бұл жеткілікті. Мен мұны Қауіпсіздік Кеңесінің жақында өткен отырысында нақты атап өттім. Басқаша айтсақ, біз еліміздің өлеңді бөсекедей артықшылықтарын тиімді пайдалана алмай отырмыз.

Қазақстанның 33 миллиард тоннаға жуықтайтын орасан зор көмір қоры бар. Қазіргідей қарқынмен өндіре берсек те, көмірдің қоры 300 жылға жетеді. Елімізде жыл сайын 110 миллион тоннадан астам көмір өндіріледі. Бұл көрсеткіш бойынша өлемде алдыңғы қатардағы мемлекеттердің қатарына кіреміз. Оның қоршаған ортаға зиянын түгел жоятын заманауи технологияны қолданып, көмірді толық пайдалану керек. Көмірмен қуат өндіру ісіне Ұлттық жоба мәртебесі берілуге тиіс. Үкіметке Ұлттық жобаны әзірлеп, 20 наурызға дейін қабылдауды тапсырамын.

Автокөлік жолдарын жаңғырту – айрықша міндет

Жақында Қызылорда – Жезқазған жолының Қызылордаға тиесілі бөлігі салынып бітті. Жыл соңына дейін Ұлытау облысындағы бөлігінде көлік қозғалысы толық ашылады. Жолдың жалпы ұзындығы – шамамен 400 шақырым.

Ең бастысы, биыл елімізде бұрын-соңды болмаған ауқымды инфрақұрылымдық жобалар басталады. «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» – Қазақстандағы ең негізгі жолдың бірі. Алайда, оның Қызылорда – Ақтөбе арасындағы бөлігі – тар, көлік аппараты жиі болып жатады. Мен осыған дейін бұл жолды кеңейту туралы тапсырма бердім. Биыл осы бағытта 4 жолақты жаңа күре жолдың құрылысы басталады.

Қарағанды – Жезқазған бағытындағы жол талай жылдан бері тосып тұр. Биыл ескі жолдың қапталына екі жолақты жаңа жол салуға кірісеміз. Кейін ескі жолды да жаңғыртып, төрт жолақ ету жоспарлануда.

Автокөлік жолдарымен қатар темір жол инфрақұрылымын да кеңейтіп, жақсарту жұмысын жалғастырамын. Биыл «Қызылжар – Мойынты» және «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол желілері салынады. Сондай-ақ «Алтынкөл – Жетіген» және «Жезқазған – Сексеуіл» бағыттары бойынша теміржол учаскелері жаңғыртылады.

Салық кодексі қасиетті кітап емес

Экономика және бизнес саласы жаңа салық режиміне көшіп жатыр. Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар фискалдық жүйедегі өзгерістің елді дүрліктірмей, бірқалыпты жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге міндетті. Салық кодексін қолдануға қатысты жұртшылықтың ойға қонымды, сындарлы ұсыныстарын мұқият зерделеу керек. Қажет болса, түзетулер енгізген жөн. Қоғамда өзгерістер жасаған кезде халықпен тиімді байланыс ор-



нату аса маңызды. Азаматтардың өтініштеріне қатысты жүйелі жұмыс жүргізу халықтың тыныс-тіршілігінен хабардар болып, олардың талап-тілегіне уақтылы жауап беруге жол ашады.

Дипломатия – келісімге келудің маңызды құралы

Мен Ибраһим келісімдеріне қосылу туралы шешім қабылдадым. Президент Трамп тарихтың астарын және қазіргі саяси ахуалды терең түсіне отырып жасаған мұндай келісімдер дипломатиялық инновация деуге болады. Ол Таяу Шығыста бейбітшілікті мықтап орнатуға арналған Ибраһим келісімдеріне қосылу жөніндегі шешімнің дұрыс екеніне сенімді және оны жүзеге асыруға бар күшін салады. Бұл келісімнің түпкі мәнін түсіну үшін оның атауына назар аударуымыз керек. Авраам, яғни, Ибраһим дін тарихында иудаизм, христиан және ислам діндеріне ортақ пайғамбар болып есептеледі.

Еліміз бүкіл адамзатты біріктіретін құндылықтарға арқа сүйеуге тиіс. Біз түрлі халықтар мен дін өкілдері арасында татулық болғанын қалаймыз. Сол себепті, осы келісімге қосылғанымыздың мән-мағынасы ерекше, бұл шешім еліміздің халықаралық беделіне оң серпін береді.

«Парламенттік реформа»

Ең алдымен, болашақ Парламенттің атауы бойынша пікірімді айтсам. Қысқаша айтқанда, Құрылтай деген атауды беру керек деп сенемін. Құрылтайдың тарихи аясы да, мағынасы да халқымызға түсінікті, жақын. Жалпы, еліміздің саяси жүйесінде Құрылтай атауын аса маңызды мемлекеттік институттың символы ретінде сақтап қалуымыз керек деп ойлаймын.

Жұмыс тобы азаматтардың ұсыныстарын мұқият зерделеп, қызу талқылады. Ақыр соңында Парламенттің мандат саны 145 болуы керек деген байлама келді. Жаңа Парламентте Төрағаның үш орынбасары болуы мүмкін. Ал комитет саны 8-ден аспауы керек.

Қазіргі Конституцияға сәйкес Конституциялық соттың, Жоғары аудиторлық палатаның және Орталық сайлау комиссиясының құрамын жасақтау қызырты Мәжіліс, Сенат және Президент арасында теңдей бөлінген. Енді осы маңызды мемлекеттік құрылымдардың барлық мүшесі Парламенттің келісімімен ғана тағайындалуы қажет деген ұсыныс айтылды. Бұған қоса, Президенттің ұсынысы бойынша Жоғарғы соттың барлық судьяларын сайлау қызыретін жоғары өкілді орган депутаттарына беру ұсынылды. Бұл – билік тармақтары арасындағы тежемелік тепе-теңдік жүйесін нығайту және ұлттық парламентаризмді дамыту жолындағы маңызды қадам.

Депутаттар енді пропорционалды жүйе қағидатымен сайланады. Мұндай тәсіл саяси партиялардың институционалдық рөлін күшейтеді. Сондай-ақ олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырады.

Жаңа Парламентте депутаттарды бес жылға сайлау көзделіп отыр. Заң қабылдаудың үш кезеңнен тұратын процедурасы ұсынылды. Депутаттар бірінші кезеңде заң жобасын жалпы мақұлдайды. Одан кейін өзгерістерді мақұлдайды, сонымен заңды қабылдайды. Осылайша, біз Парламент қызметін түбегейлі қайта құру арқылы осыған дейін жүзеге асырылған саяси

реформаларды одан әрі жалғастырамыз. Мемлекеттің институционалдық тұғырын нығайтып, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына сәйкес орнықты саяси жүйе қалыптастырамыз. Басты мақсатымыз да – осы. Билік институттарының жаңа құрылымы баршаға бірдей мүмкіндік беретін әділетті қоғам құрудың мызғымас негізі болмақ.

Халық Кеңесін құру

Ассамблея мен Ұлттық құрылтайдың қазақ мемлекеттілігін және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін дәйекті түрде нығайту сияқты міндеттерін осы жаңа органға жүктей отырып, стратегиялық сабақтастықты сақтап қалу өте маңызды деп санаймын. Сонымен бірге, Халық Кеңесі басқа елдердегі консультативті құрылымдардың оң тәжірибелерін ескере отырып құрылатын жаңа мемлекеттік орган болмақ. Оның құрамына барлық этностың, түрлі санаттағы азаматтардың және аймақтардың өкілдері кіреді.

Қазақстанның Халық Кеңесі мемлекетіміздің жоғары консультативтік органы мәртебесіне ие болады. Кеңесті 126 адамнан жасақтап, оған этномәдени орталықтардың 42 өкілін, ірі қоғамдық бірлестіктердің 42 өкілін және мәслихаттар мен аймақтардағы қоғамдық кеңестердің 42 өкілін қосу ұсынылды. Халық Кеңесінің барлық мүшесін Президент тағайындайды. Ал төрағасының мүшелері сайлайды. Кеңес төрағасының қоғамдық негізде жұмыс істеп, ротация арқылы тағайындалатын екі орынбасары, сондай-ақ хатшылық меңгерушісі болады.

Халық Кеңесіне заң шығаруға бастамашылық ету құқығы берілуге тиіс. Бұл қадам оның мәртебесін айтарлықтай арттыратыны сөзсіз. Жылғына кемінде бір рет шақырылатын сессия Халық Кеңесінің жоғары органы ретінде атқарады. Қазақстан халқы Ассамблеясының этносаралық және конфессияаралық келісім мәселелеріне қатысты негізгі қызметі Кеңеске беріледі. Ішкі саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу жаңа органның негізгі міндетінің бірі болмақ. Бұл мекеме мемлекеттік идеологияға қатысты мәселелерді, сондай-ақ Конституцияның және еліміздегі өзге де аса маңызды құжаттардың ережелерін түсіндіріп, насихаттау жұмысымен айналысады. Өлеңімді және дәстүрлі діндер көпшіліктерінің сөзін, мемлекеттік маңызы бар басқа да гуманитарлық форумдарды өткізу де Кеңестің қызметіне кіреді. Халық Кеңесінің мәртебесі мен оны құру тәртібі Конституцияның арнайы бөлімімен және конституциялық заңмен реттеледі.

Заман талабына сай Конституция

Қазіргі Ата заңға сәйкес Президент өз міндетін атқара алмайтындай оқыс жағдай туындаса, оның өкілеттігі қалған мерзімге Сенат төрағасына беріледі. Сенат төрағасының мемлекетті басқаруға мүмкіндігі болмаса, Президент өкілеттігі белгіленген тәртіпке сәйкес тиісті лауазым иелеріне өтеді. Бұл ретте, мәселенің бәрі «қалған мерзімге» деген сөзге келіп тіреледі, осы мәселені ерекше атап өткен жөн. Басқаша айтсақ, «қалған мерзім» 6 айға да, 6 жылға да созылуы мүмкін. Сондықтан Мемлекет басшысы мерзімінен бұрын қызметтен кетсе, екі айдың ішінде кезектен тыс Президент сайлауы өтеді деген норма негізгі заңда нақты белгіленуі қажет. Бұл қадам халықаралық озық тәжірибеге сай келеді.



ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ
ҚЫЗЫЛОРДА, 2026 ЖЫЛ



Бұдан бөлек, Конституциямызға «Біз бәріміз Әділетті Қазақстанды ең жоғары мақсат ретінде көздейміз және оған жетеміз» деген қағидатты енгізуіміз керек. Негізгі заңға, соның ішінде, Преамбуланың жаңа мәтініне құқықтық мемлекет құруға, сондай-ақ табиғатты аялауға және қоршаған ортаны қорғауға қатысты қағидаттарды енгізу керек деп санаймын.

XXI ғасырда цифрландыру үдерісі өте жылдам жүріп жатыр, тұрақты және аса қарқынды сипатқа ие болды. Жоғары технология адамның күнделікті өміріне, құқықтары мен бостандықтарына тікелей әсерін тигізге бастады. Болашақта бұл үрдіс үздіксіз жалғаса беретіні анық. Сондықтан еліміздегі цифрландыру үдерісінің дербес цифроналдық-құқықтық негізі Ата заңда міндетті түрде аталып өтуі қажет. Конституцияда азаматтардың дербес цифрлық деректері заңмен қорғалатыны нақты айтылуы керек деп санаймын.

Вице-президент институтын құру

Мен ұсынатын жаңашылдықты біз бірнеше жыл бойы мұқият қалыптастырып келе жатқан саяси құрылымның үйлесімді түйіні деуге болады. Өңгіме Қазақстан Республикасының Вице-президенті институтын құру, тиісінше оны Конституцияда бекіту туралы болып отыр. Вице-президентті Мемлекет басшысы Парламент депутаттарының көпшілігінің келісімімен ала отырып тағайындайды. Оның құрамына атын Мемлекет басшысы өзі белгілейді.

Вице-президент Президенттің тапсырмасы бойынша:

– Халықаралық форумдарда және шет мемлекеттер делегацияларымен өткізілетін келіссөздерде Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді;

– Парламентте Президенттің атынан өкілдік етеді;

– Еліміздің және шетелдердің қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағартушылық ұйымдарымен қарым-қатынас орнатады;

– Президенттің басқа да тапсырмаларын орындайды.

Вице-президенттің қызметтік міндеттеріне қатысты осы негізгі ережелерде де Конституция мәтінінде көрсеткен жөн болар еді.

Қазіргі Парламенттің қызметін қамтамасыз етіп отырған аппараттық құрылымның бір бөлігі және Мемлекеттік кеңесші лауазымы қысқартылады. Президент Әкімшілігінің міндеттері мен құрылымы іс жүзіндегі қажеттілікке сәйкес реформаланады. Сіздер Вице-президент лауазымы бірқатар мемлекетте бар екенін білетін шығарсыздар. Біздің жағдайымызда бұл лауазымды енгізу мемлекетті басқару процесін тұрақтандырады. Сондай-ақ билік иерархиясын біржола айқындап береді.

– Ұлттық құрылтай ел тарихында қалады. Біз аз ғана уақыт ішінде ауқымды жұмыс атқардық. Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз ері Таза Қазақстанның іргесін бірге қаладық. Бізді әлі де көп жұмыс күтіп тұр. Ұлт болашағын айқындайтын ең маңызды шаруалар енді басталды. Сондықтан қиындықтан жалтарып немесе табысқа тоқмәйілісіп отыруға қақымыз жоқ, уақытымыз да жоқ. Бірлігімізді бізге кемдеп, білек сыбанып, іске кірісуіміз керек. Келесі Парламентіміз халқымыздың ұлттық санасында өзіндік орны бар ұғым, атына заты сай Құрылтай сөзімен аталса, мұны жақсы ырымға балауға болады деп сенемін, – деп қорытып алқалы жиынды Мемлекет басшысы.

Дайындаған Марал ШАХАЕВА.



Тұрғын үй құрылысы: ҚАУІПСІЗДІК ПЕН САПА БІРІНШІ ОРЫНДА

Сәтбаев қаласында тұрғындарды қолжетімді әрі заманауи баспанамен қамтамасыз ету бағытындағы мемлекеттік саясат нақты нәтижесін беріп келеді. Қазіргі таңда Абай көшесі 3/1, 3/2 және 3/3 мекенжайларында орналасқан соңғы үш көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысы аяқталу сатысына жетті. Әрқайсысы 60 пәтерден тұратын, бес қабатты бұл үйлер қаланың тұрғын үй қорын едәуір толықтырып, әлеуметтік маңызы зор нысандар қатарына еніп отыр.

Аталған үйлер тек тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету ғана емес, қаланың сәулеттік келбетін жаңғырту, заманауи урбанистік стандарттарға жақындау тұрғысынан да маңызды. Соңғы жылдары Сәтбаевта салынып жатқан жаңа үйлердің басты ерекшелігі – энергия үнемдеу талаптарының сақталуы, қауіпсіздік жүйелерінің орнатылуы және тұрғындарға қолайлы инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі.

Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары толық аяқталғанымен, тұрғын үйлерді пайдалануға беру алдында сапа мен қауіпсіздік талаптарының қатаң сақталуы мақсатында кешенді тексерулер жүргізілді. Құрылысты жүзеге асырған «Самға» ЖШС және «Астана Премиум-Строй» ЖШС мердігер мекемелерінің жобалық-сметалық құжаттамаға және қолданыстағы құрылыс нормаларына сай жұмыс атқарғаны расталды. Бұл – соңғы жылдары құрылыс саласында бақылаудың күшейіп, жауапкершіліктің артағанын көрсететін маңызды көрсеткіш.

Сонымен бірге тексеру барысында негізгі құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталғанымен, жекелеген техникалық сипаттағы кемшіліктер анықталды. Мұндай жағдай кез келген ірі құрылыс нысанында кездесуі мүмкін. Ең бастысы – бұл кемшіліктердің уақытылы анықталып, оларды жою бойынша нақты талап қойылуы. Мердігер компанияларға барлық ескертулерді қысқа мерзім ішінде, сапа мен қауіпсіздік талаптарын толық сақтай отырып жою міндеті жүктелді. Барлық кемшіліктер толық жойылмайынша, тұрғын үйлерді пайдалануға беру мүмкін емес. Бұл қадам тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығы бірінші орында тұратынын айқын көрсетеді.

Бұл ретте мемлекет пен жергілікті атқарушы органдардың ұстанымы айқын: «сан қуғанша, сапаға мән беру». Өйткені тұрғын үй – ондаған жылдар бойы пайдаланылатын әлеуметтік маңызды нысан. Оның сапасы тек бүгінгі жайлылықты емес, ертеңгі қауіпсіздікті де айқындайды. Сондықтан да әрбір кірпіш, әрбір инженерлік жүйе, әрбір коммуникация толық тексерістен өтуі тиіс.

Тағы бір өзекті мәселе – тұрғын үй кезегі. Қала тұрғындары арасында бұл тақырып жиі талқыланып, сұрақ көп туындайды. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына



сәйкес, тұрғын үй кезегін жүргізу және пәтерлерді бөлу функциясы «Отбасы банк» АҚ-ына жүктелген. Яғни қала әкімдігі тұрғын үй кезегін қалыптастыруға, өтініштер қабылдауға немесе пәтерлерді бөлуге тікелей қатыспайды. Бұл жүйе тұрғын үй саласында ашықтық пен әділдікті қамтамасыз етуге бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа тұрғын үйлердің салынуы бір жағынан құрылыс қарқынын арттырса, екінші жағынан тұрғын үй кезегіндегі азаматтар үшін нақты мүмкіндік туғыза-

ды. Қанша үй салынса, сонша отбасының баспаналы болу мүмкіндігі арта түседі. Сондықтан тұрғын үй құрылысының көлемі мен сапасы – әлеуметтік тұрақтылықтың маңызды көрсеткіштерінің бірі. Жалпы алғанда, Сәтбаев қаласында салынып жатқан жаңа тұрғын үйлер сапа, қауіпсіздік және заманауи талаптарға толық сай болуы тиіс. Бұл тек бір реттік науқан емес, ұзақ мерзімді әрі жүйелі мемлекеттік саясаттың бір бөлігі. Алдағы уақытта да қалада тұрғын үй құрылысы кезең-кезеңімен жалға-

сып, азаматтарды қолжетімді, қауіпсіз әрі жайлы баспанамен қамтамасыз ету басты басымдық болып қала береді.

Жаңа үйлердің пайдалануға берілуі – тек құрылыс саласының жетістігі емес, сонымен бірге халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған нақты қадам. Демек, «Сәтбаевта жаңа тұрғын үйлер сапалы және қауіпсіз тұрғыға пайдалануға дайын» деген тұжырым жай ғана сөз емес, нақты іс пен жауапкершіліктің көрінісі.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

Жаңа жоба: ЗАМАНАУИ АҚПАРАТ КЕҢІСТІГІНЕ БАТЫЛ ҚАДАМ

«AI журналист» – алыпқашпа өңгімелер мен тексерілмеген деректерге емес, тек шынайы, нақтыланған, ресми ақпаратқа сүйенетін заманауи цифрлық ақпарат көзі. Ол жаңалықты жылдам таратып қана қоймай, қала мен тұрғындар арасындағы ашықтықты күшейтіп, ақпараттық мәдениетті жаңа деңгейге көтеруге бағытталған.

Бұл бастама Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялауымен толық үндесіп жатыр. Мемлекет басшысының бұл шешімі – ел дамуының жаңа кезеңін айқындайтын стратегиялық қадам. Ол Қазақстанның ұзақ мерзімді даму бағытын жаңа технологиялармен ұштастырып, цифрлық трансформацияны жеделдетуге және жасанды интеллектіні қоғам өмірінің барлық саласына кеңінен енгізуге жол ашады.

Президент өз сөзінде озық технологиялардың елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, халықаралық аренадағы орнын нығайта түсетінін атап өтті. Жасанды интеллект пен цифрлық шешімдер мемлекеттік басқаруда тиімділікті арттырып, бизнестегі өнімділікті күшейтіп, білім беру, денсаулық сақтау, инфрақұрылым және әлеуметтік қызмет көрсету салаларына тың серпін береді.

Осы тұрғыдан алғанда, Сәтбаев қаласында іске қосылған «AI журналист» жобасы – мемлекеттік деңгейде қабылданған стратегиялық бағыттың нақты жергілікті көрінісі. Бұл бастама жасанды интеллектіні тек экономика мен өндірісте ғана емес, ақпарат тарату саласында да тиімді қолдануға болатынын дәлелдеп отыр. Енді қала тұрғындары мен өңір жұртшылығы Сәтбаевтағы барлық маңызды оқиғалардан жедел хабардар болып отырады. Бұл – ақпараттың ашықтығын арттырып, тұрғындардың сенімін күшейтетін, заманауи талаптарға сай келетін тиімді құрал.

2026 жыл – Қазақстан үшін ақылды технологиялар дәуіріне батыл қадам жасайтын, инновациялар қоғам мен бизнестің барлық саласына кеңінен енетін стратегиялық кезең болмақ. Ал Сәтбаевтағы AI журналист жобасы осы үлкен үдерістің бастауында тұрған жарқын мысал ретінде бағаланады. Жаңа бастама – жаңа мүмкіндік. Ақпарат саласындағы бұл цифрлық серпіліс қаламыздың даму қарқынын арттырып, оның заманауи, ашық әрі жаңашыл келбетін қалыптастыра түсері сөзсіз.

Іске сәт, AI журналист! Сәтбаевтың жаңалықтарын әділ, нақты және жедел жеткізетін сенімді цифрлық серіктеске айнала бер!

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

«Сәтбаев жұмыскер»: ЕҢБЕК АДАМЫН ҚОЛДАУДЫҢ НАҚТЫ ТЕТІГІ

2025 жыл Қазақстанда «Жұмысшы мамандықтар жылы» ретінде жарияланып, еңбек адамын қолдауға бағытталған тың бастамалармен есте қалды. Осы маңызды бастаманың аясында Сәтбаев қаласында арнайы «Сәтбаев жұмыскер» бағдарламасының іске қосылуы – әлеуметтік қолдаудың тиімді әрі нақты үлгісіне айналды. Бұл бағдарлама жұмысшы мамандық иелерінің тұрмыс сапасын жақсартуға, баспана мәселесін шешуге және еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін арттыруға бағытталған.

Қала әкімдігі тарапынан қолға алынған бағдарламаға жергілікті бюджеттен 200 миллион теңге бөлінді. Бұл қаражат жұмысшы мамандық иелеріне қолжетімді тұрғын үй алу мүмкіндігін ұсынуға бағытталды. Атап айтқанда, қатысушылар «Отбасы банк» арқылы төмендетілген пайызбен жеңілдетілген несиесі рәсімдеп, өз баспанасына қол жеткізе алады. Мұндай мүмкіндік көп жылдан бері пәтер жалдап жүрген немесе баспана алуға қаржылық жағдайы жетпей жүрген азаматтар үшін үлкен демалу болды.

Бағдарлама аясында бүгінде Сәтбаев қаласы бойынша 12 тұрғын жаңа пәтердің кілтін ие болып, қуанышқа кенелді. Бұл – жобаның қағаз жүзінде ғана қалмай, нақты нәтижесін бергенінің айқын дәлелі. Әрбір жаңа қоныс – еңбек адамын құрметтеудің, оның әлеуметтік жағдайын жақсартудың көрінісі.

Сол қуаныш иелерінің бірі – Бағлан Шалқарова. Ол СЖСЖК мекемесінде



еңбек етеді. Бағлан Шалқарова банкіде жинақталған алғашқы жарнасы болған. «Сәтбаев жұмыскер» бағдарламасы аясында ол 5 пайыздық жеңілдетілген

несие алып, өз баспанасына қол жеткізді. Жаңа шаңыраққа қоныс аудару – оның ғана емес, отбасының да өміріндегі үлкен әрі маңызды кезең.



«Сәтбаев жұмыскер» бағдарламасының басты ерекшелігі – оның нақты мақсатты аудиторияға

бағытталуы. Яғни, өндіріс орындарында, коммуналдық қызметтерде, құрылыс, көлік, санитарлық және өзге де салаларда еңбек етіп жүрген жұмысшы мамандық иелеріне басымдық беріледі. Бұл – мемлекет пен жергілікті биліктің еңбек адамына деген шынайы құрметінің белгісі.

Бағдарламаның әлеуметтік маңызы да зор. Ол жұмысшы мамандықтарының беделін арттырады, жастарды еңбекке баулиды, тұрақты жұмыс бар азаматтардың әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етеді, қаладағы тұрғын үй мәселесін кезең-кезеңімен шешуге ықпал етеді.

Қала әкімдігі барлық жұмысшы мамандық иелерін белсенді болуға шақырады. Бағдарламаға қатысу шарттары, қажетті құжаттар мен талаптар бойынша толық ақпаратты қала әкімдігінен тікелей алуға болады. Әрбір еңбек адамы өз мүмкіндігін жіберіп алмауы тиіс.

«Сәтбаев жұмыскер» – жай ғана бағдарлама емес, бұл еңбекке деген құрметтің, қарапайым жұмысшының тұрмысын түзеуге бағытталған шынайы қамқорлықтың көрінісі. Еңбек адамы – ел тірегі. Ал оны қолдау – қоғамның басты міндеті.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЗДЫҚТАУ

Бағлан ШАЛҚАРОВА, бағдарлама қатысушысы:

– «Сәтбаев жұмыскер» бағдарламасы мен сияқты қарапайым жұмысшы мамандық иелері үшін үлкен қолдау болды. Бұрын өз баспанам болады деп ойлау қиын еді. Отбасы банк арқылы 5 пайызбен несиесі алып, жаңа үйге кіргеніміз – отбасымыз үшін зор қуаныш. Бұл – еңбек адамын шын мәнінде қолдап отырған нақты іс деп білемін.

Ерлан ҚАЙЫРБЕКОВ, коммуналдық сала қызметкері:

– Мұндай бағдарламаның іске қосылғанын естігенде қатты қуандым. Жұмысшы мамандық иелеріне арналған нақты қолдау бұрын көп бола бермейтін. Енді біз де өз еңбегіміздің бағаланғанын сезіндік. Алдағы уақытта осы бағдарламаға қатысушы жоспарлап отырмын. Бұл – жастарды жұмысшы мамандықтарға тартудың да тиімді жолы.

Назерке САПАРБЕК, қала әкімінің баспасөз хатшысы:

– «Сәтбаев жұмыскер» бағдарламасының басты мақсаты – еңбек адамын қолдау және жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру. 2025 жылы алғашқы нәтижелерін көріп отырмыз. Қуантарлығы, бұл игі бастама 2026 жылы да өз жалғасын табады. Демек, алдағы уақытта тағы да ондаған жұмысшы мамандық иелері баспаналы болып, жаңа өмірге қадам баспақ. Бұл – Сәтбаев қаласының әлеуметтік бағыттағы саясатының жүйелі әрі тұрақты түрде жүргізіліп келе жатқанын көрсетеді.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ ӨСУ ЖӘНЕ МЕРИТОКРАТИЯ ҚАҒИДАТЫ

Қазіргі кезеңдегі мемлекеттік басқарудың тиімділігі ең алдымен адами капиталдың сапасымен, яғни кадрлық саясаттың қаншалықты дұрыс ұйымдастырылғанымен айқындалады. Осы тұрғыда мемлекеттік қызметтегі мансаптық өсу жүйесін жетілдіру және меритократия қағидатын берік орнықтыру ерекше маңызға ие. Себебі заманауи, кәсіби әрі нәтижеге бағытталған мемлекеттік аппарат тек әділ бағалау мен қабілетке негізделген ілгерілеу арқылы қалыптасады.

Мемлекеттік қызметтегі өсу – бұл тек жоғары лауазымға көтерілу ғана емес, сонымен бірге қызметкердің кәсіби дамуы, білім мен тәжірибенің тереңдеуі, жауапкершіліктің артуы. Мұндай өсу барысында басқарушылық қабілеттер қалыптасып, стратегиялық ойлау, тиімді шешім қабылдау дағдылары жетіледі. Жақсы құрылған мансаптық өсу жүйесі мемлекеттік қызметшілерді үздіксіз оқуға, өзін-өзі дамытуға және нақты нәтижеге қол жеткізуге ынталандырады.

Меритократия қағидаты мемлекеттік қызметтегі «еңбегіне қарай бағалау» ұстанымына негізделеді. Бұл қағидатқа сәйкес кадрларды іріктеу, қызмет бойынша жоғарылату және ынталандыру ашықтық, әділдік және нақты көрсеткіштер арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Осындай тәсіл субъективті шешімдер мен жеке байланыстардың ықпалын азайтып, кәсіби әрі адал мамандардың алға шығуына жол ашады.

Меритократияны мемлекеттік басқару жүйесіне енгізу оның тиімділігін едәуір арттырады. Бірін-

шіден, өз ісін жетік меңгерген мамандар күрделі мәселелерді сапалы және уақтылы шеше алады. Екіншіден, әділ бәсекелестік қызметкерлердің ынтасын күшейтіп, немқұрайдылық пен формализмді төмендетеді. Үшіншіден, ашық және әділ жүйе сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтып, мемлекеттік институттарға деген сенімді нығайтады.

Сонымен қатар меритократия қағидаты жастар үшін мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттырады. Білімді әрі қабілетті жас мамандар өз еңбегінің лайықты бағаланатынына көз жеткізсе, мемлекеттік қызметті кәсіби дамудың тиімді алаңы ретінде қабылдай бастайды. Бұл өз кезегінде мемлекеттік сектордың кадрлық әлеуетін жаңартуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызметтегі өсу жүйесі мен меритократия қағидаты бір-бірімен тығыз байланысты және өзара толықтыратын ұғымдар. Меритократияға негізделген мансаптық ілгерілеу кәсіби, жауапты және нәтижеге бағдарланған мемлекеттік аппаратты қалыпта-



стырады. Ал мұндай аппарат елдің тұрақты дамуына, азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға және мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға қызмет етеді. Сондықтан меритократия қағидатын жүйелі түрде енгізу – заманауи мемлекеттік басқарудың басты басымдықтарының бірі болып табылады.

Г. ТУСУПОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша Департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЕРЕКШЕ НАЗАРДА

Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының басым бағыттарының бірі. Қазіргі жағдайда мемлекеттік органдардың негізгі міндеті – бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады. Осыған байланысты прокуратура органдарының жұмысы, бизнес үшін келеңсіз салдарлар туындатпау мақсатында кәсіпкерлерге қатысты заңсыз тексеру іс-шараларының жолын алдын ала кесуге бағытталған.

Өз кезегінде, құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органмен тексерулерді тіркеу, есепке алу, бақылау және қадағалау органдарының осы бағыттағы жұмысын үйлестіру, тиісті мемлекеттік құқықтық статистикалық есептілікті қалыптастыру жүзеге асырылады.

Құқықтық статистика деректеріне сәйкес 2025 жылы Ұлытау облысы бойынша мемлекеттік органдармен 1 150 тексеру тағайындалған, олардың ішінде, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты 599 тексеру тағайындалған.

Өз кезегінде, 2024 жылы облыс аумағында 1 500 тексеру, соның ішінде, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты 768 тексеру тағайындалған.

Яғни, 2025 жылы 2024 жылмен салыстырғанда, тексерулердің жалпы саны 350-ге (24%), ал, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексерулердің саны 169-ға (22%) азайған.

Тағайындалған тексерулер санының азаюы мемлекеттік органдармен бақылау функцияларын жүзеге асыру кезінде тексеруден бөлек талдау құралдарын кеңінен қолдануының көрсеткіші болып табылады.

Сонымен қатар, 2025 жылы бизнес субъектілерінің құқықтарын қорғау аясында, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің департаментімен бизнес субъектілеріне қатысты мемлекеттік органдармен заң талаптарын бұза отырып, тағайындалған 15 тексеруді тіркеуден бас тартылды және кәсіпкерлерге қатысты заңсыз жүргізілген 17 тексеру анықталып, олардың жолы кесілді.

Нәтижесінде департаментпен прокурорлық ден қою шаралары қабылданып, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделері қорғалды, кінәлі лауазым-

ды тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Бұдан бөлек, прокуратура органдарының үйлестіруші рөлін күшейту және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті кәсіпкерлерге көмек көрсету үшін «QAMQOR» мобилді қосымшасын әзірледі.

Қосымшаны орнату кезінде кәсіпкердің қызметін тексеру тағайындалса, алдағы тексеру туралы Push - хабарлама келеді.

Сонымен қатар, осы қосымшада тексеруді тағайындаған орган, субъект, тексеру объектісі, тексеру түрі, мерзімі және тақырыбы туралы мәліметтер көрсетіледі.

Кәсіпкерге тексеру басталғанға дейін де, тексеру кезінде де заң бұзушылықтар туралы онлайн шағым жіберуге мүмкіндік беріледі.

Жол берілген бұзушылықтар туралы хабарламалар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық департаменттеріне дереу жолданады.

Бұдан басқа, кәсіпкер қосымшаны пайдалана отырып, тексерудің тіркеу нөмірін енгізу арқылы тексерудің тіркелген - тіркелмегенін біле алады.

Сонымен қатар, қосымшада «сұрақ-жауап» өрісі және кәсіпкер онлайн сұрақ қоя алатын чатта бар.

Ал бұның барлығы қосымшамен онлайн режимде жүзеге асырылады және мемлекетпен бизнес-қауымдастықтың өзара ықпалдастығына септігін тигізеді.

ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаменті.

Баспасөз - 2026

Шарайна

Құрметті оқырман!
Баспасөз науқанына белсенді қатысуға шақырамыз!

Сәтбаев қ., Мәңгілік ел, 21А

1 жылға жазылу бағасы

жеке тұлғалар үшін	
мекенжайға жеткізу	7 000
редакциядан алу:	5 200
заңды тұлғалар үшін	
мекенжайға жеткізу	10 000
редакциядан алу:	9 000

- 2025 жылдың 21 шілде күні қайтыс болған Итенобаев Мухан Таженовичтің атынан мұралық істің ашылуына байланысты, барлық мүдделі жақтардың Сәтбаев қаласы, Мәңгілік Ел көшесі, 20 үйде орналасқан Сәтбаев қаласының нотариусы Жаналинова А.Ш. кеңсесіне келуін сұраймын, тел. 34109, 87773986649.
- 2025 жылдың қараша айының 12 күні қайтыс болған Сыздықов Қалдыбай Клишбековичтің атынан мұралық істің ашылуына байланысты, барлық мүдделі тұлғаларды Сәтбаев қаласы, Академик Қаныш Сәтбаев даңғылы, 118 үйде орналасқан нотариус М.А.Абикеноваға нотариалдық кеңсесіне келуін сұрайды, тел. 87771327809.
- После смерти Замула Ивана Николаевича, умершего 13.09.2025 года, открылось наследственное дело у нотариуса Абиленовой М.А. Всем заинтересованным лицам явиться в нотариальную контору по адресу: область Ұлытау, город Сатпаев, проспект Сатпаева, дом 115, квартира 19, тел. 8 (710-63) 3-46-77.
- После смерти гражданина Павлова Анатолия Петровича, умершего 19 октября 2025 года, открылось наследственное дело у нотариуса Абиленовой М.А. Всем заинтересованным лицам явиться в нотариальную контору по адресу: область Ұлытау, город Сатпаев, проспект Сатпаева, дом 118-1, тел. 8 (777) 132-78-09.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Сәтбаев қаласының тұрғындары!

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол бермеу мақсатында қаңтар айының 19-28 аралығында Ұлытау облысы аумағында «Тұрмыс» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

Аталған іс-шара аясында полиция қызметкерлері:

- отбасылық-тұрмыстық жанжалдарға бейім азаматтарды анықтау;
- профилактикалық есепте тұрған тұлғалармен жеке түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша ескерту шараларын қолдану;
- рейдтік және тексеру іс-шараларын өткізу жұмыстарын жүзеге асырады.



Іс-шара барысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес құқық бұзушылықтарға жол берген азаматтарға қатысты тиісті әкімшілік және өзге де шаралар қабылданатын болады.

Осыған байланысты, Сәтбаев қаласының полиция бөлімі тұрғындарды заң талаптарын сақтауға, отбасындағы өзара сыйластық пен тыныштықты қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтарға жол бермеуге шақырады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері анықталған жағдайда немесе қауіп төнген кезде «102» нөміріне немесе Абай көшесі б/А» мекенжайы бойынша орналасқан Сәтбаев қаласының полиция бөліміне хабарласуларыңызды сұраймыз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрлігі Ұлытау облысының Төтенше жағдайлар Департаменті Сәтбаев қаласының төтенше жағдайлар бөлімі» РММ 2026 жылдың 9 ақпанынан бастап «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімімен «Сәтбаев қаласы, Гурбы көшесі, 71-құрылыс мекенжайындағы №2 өрт сөндіру бөлімінің әкімшілік ғимаратын күрделі жөндеу» жобасы бойынша қоғамдық талқылау форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Ықпал ету аумағы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, учаскенің географиялық координаттары:

Бұрыштық нүктелер	Бұрыштық нүктелердің координаттары					
	Солтүстік ендік			Шығыс ендік		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	47	53	57,95	67	32	18,56
2	47	53	57,48	67	32	19,11
3	47	53	56,49	67	32	17,15
4	47	53	56,97	67	32	16,64

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрлігі Ұлытау облысының Төтенше жағдайлар Департаменті Сәтбаев қаласының төтенше жағдайлар бөлімі» РММ.

Өкілі: Досжанов К.С., байланыстар: тел. 8(71063)33006.

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты.

Өкілі: А.И. Кенжалинов, байланыстар 87054006981, эл.мекенжай: Aitbek.Kenzhalinov@kazakhmys.kz.

Жоба материалдары <https://ndbecology.gov.kz> сайтында орналастырылады және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін орналастырылған күннен бастап <https://ndbecology.gov.kz> сілтеме бойынша 5 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады.

Ұсынылатын қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ ұсынылатын қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Aitbek.Kenzhalinov@kazakhmys.kz және Natalya.Bayanova@kazakhmys.kz электрондық пошта арқылы сұратуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

РГУ «Отдел по чрезвычайным ситуациям города Сатпаев Департамента по чрезвычайным ситуациям области Ұлытау Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан» сообщает, что с 9 февраля 2026 года проводятся общественные слушания в формате публичных обсуждений по рабочему проекту «Капитальный ремонт административного здания пожарной части №2, расположенного по адресу: г. Сатпаев, ул. Гурбы, стр.71» с разделом «Охрана окружающей среды».

Территория воздействия: область Ұлытау, город Сатпаев, географические координаты участка:

Угловые точки	Координаты угловых точек					
	Северная широта			Восточная долгота		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	47	53	57,95	67	32	18,56
2	47	53	57,48	67	32	19,11
3	47	53	56,49	67	32	17,15
4	47	53	56,97	67	32	16,64

Инициатор намечаемой деятельности: РГУ «Отдел по чрезвычайным ситуациям города Сатпаев Департамента по чрезвычайным ситуациям области Ұлытау Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан».

Представитель: Досжанов К.С., контакты: тел. 8(71063)33006.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс».

Представитель: Кенжалинов А.И., контакты 87054006981, эл. адрес: Aitbek.Kenzhalinov@kazakhmys.kz.

Материалы проекта будут размещены на сайте <https://ndbecology.gov.kz> и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 5 рабочих дней по ссылке <https://ndbecology.gov.kz>.
Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении публичных обсуждений, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности, можно получить по эл.адресу Aitbek.Kenzhalinov@kazakhmys.kz и Natalya.Bayanova@kazakhmys.kz.

«Шарайна» газетінің бас редакторы, өріптесіміз
Ізтай Белгібайұлына
апасы Қадиша Белгібайқызының
өмірден озуына байланысты қайғысына ортақтасып,
көңіл айтамыз.

«Шарайналықтар».

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат Министрлігінің ақпарат мұрағат комитетінде тіркелген.
Күллік №12372-Г 28.03.2012ж.

Меншік иесі: «Сәтбаев қалалық «Шарайна» газетінің редакциясы» ЖШС.

Редакция газеті «Шарайна»
БИН 050440002633, ИИК KZ71856000000005311
БИК КСЖБЗКХ, КБЕ 17
Жезказганский филиал
АО «БанкЦентрКредит», г. Жезказган.

Бас редактор: Ізтай БЕЙСЕНБЕВ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Сәтбаев қаласы, Мәңгілік Ел көшесі, 21 а.
Телефон: 3-33-62,
факс: 3-33-62, электрондық пошта: sharainaligt@mail.ru.

Көлемі – 1,5 б.т. Таралымы – 600 Тапсырыс – 106

Газетті жеткізіп беру: / Доставка газеті: тел. 3-33-62

Газет «Шарайнаның» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«ASU» Баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында,
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды.

- * Газеттің басылу сапасына баспахана жауап береді. Ответственность за качество печати несет типография.
- * Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции.
- * Мақалалардың нақтылығына автор жауапты. За достоверность материалов ответственность несет автор.
- * Жарнаманың дұрыстығына жарнама беруші жауапты. Претензии по рекламе предъявлять рекламодателю.
- * Қолжазбалар қайтарылмайды – Рукописи не возвращаются.

Газет аптасына 1 рет шығады – Газета выходит 1 раз в неделю.
*Материал ақылы (А) Материал платный.



МУЗЕЙ – КӨНЕНІҢ КӨЗІ, ТАРИХТЫҢ ӨЗІ

Қазіргі заман талабына сай музей қоғам санасын жаңғыртуға зор ықпал ететін озық институтқа айналуға. Сол арқылы жас ұрпақ төл тарихымыз бен салт-дәстүрімізді терең танып, одан тағылым алады. Жалпы, елімізде тарихи-мәдени мұраны сақтау және молайту мақсатында ауқымды әрі үздіксіз жұмыс жүргізіліп келеді. Соның айқын көрінісі жөндеу жұмыстарынан кейін жаңартылып, келушілерге есігін айқара ашқан – Ұлытау облысының тарихи-археологиялық музейі.

Сейсенбі күні Сәтбаев қаласы Ардагерлер ұйымының және «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС жанындағы «Ардагерлер Кеңесі» ҚБ Сәтбаев филиалының белсенді мүшелері аталмыш музейге барып, заман талабына сай жаңартылған, толықтырылған, кеңейтілген мекеменің экспозициялық залдарымен танысты.

Арнайы келген қонақтарды музей қызметкері, экскурсовод Әмина Мейірбек қарсы алып, Ұлытау өңірінің бай тарихи-мәдени мұрасы

сақталған рухани орталықтың жұмысымен таныстырды. Жаңаланған музей экспозицияларына архивтік деректер, облыстық музей қорындағы құжаттар, фотосуреттер мен тарихи, мәдени, археологиялық экспонаттар қосылып, музей залдары жалпы 60 пайыз жаңа экспонаттармен толықты.

Экскурсия барысында ардагерлер музей қорын қамтитын сонау кене замандардан қазірге дейінгі өлке тарихынан мағлұмат беретін, халқымыздың материалдық және ру-

хани мәдениетінің құндылықтарын паш ететін түрлі мазмұндағы коллекцияларды тамашалады. Алғашқы музей залы «Дуірлер тоғысындағы Ұлытау» деп аталады. Мұнда өңіріміздің тарихи, табиғи даму кезеңдерінен бастап түрлі мәдениетке дейінгі экспозициялар қамтылған. Палеонтология бөлімінде алып мүйізтұмсықтың реконструкциясы, жерасты пештің мультимедиялық диорамасы көрсетілген.

Екінші зал – «Ұлытау ғасырлар шежіресі» – Ұлы-

таудың дала өркениеті мен қазақ мемлекетінің тарихи өзегі болғандығын айғақтайтын экспозиция залынан құралған. Мұнда Талмас ата кесенесінен табылған ер адамның гиперреалистік мүсіні, «Бұланты шайқасы» мультимедиялық диорамасы мен жаңа экспозициялар бар. Бұл залда сақтар кезеңінен XIX ғасырдың тарихи-археологиялық,

дағы ұрыс қимылдарына қатысқан жауынгерлердің ерлік тарихы, Желтоқсан оқиғасы туралы құнды деректер бар. Сонымен қатар, «20-шы облыстың – 20 елеулі оқиғасы» концепциясы негізінде Ұлытау облысының жетістіктері, халықаралық фестивальдері, рекордқа енген жерлестеріміз туралы фотосуреттер мен экспонаттар қойылған.



та керемет үйлестірілген жұмыстың жемісі. Музейдегі тарих тұңғығынан сыр шерткен жәдігерлер – халқымыздың ата мұрасын, асыл қасиеттері туралы құнды материал беретін танымдық-құндылық жүйесі. Осы жәдігерлер арқылы ата-бабаларымыздың ғасырлар бойындағы тыныс-тіршілігін, салт-дәстүрлерін танып білеміз. Болашақта бұл рухани ошақ халықтың сүйікті мекені болады деп сенеміз. Әсіресе, ұлттық құндылықтарымызды жастарға насихаттай отырып, тарихи білім беру үшін оларды музейге алып келу керек. Музейдегі жәдігерлер оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізуге көп көмегін тигізеді. Себебі, оқушыға көп мағлұматты ауызша жеткізгеннен, бір нәрсені көзбен көрсету көкейге қонымдырақ болады, – дейді бірауыздан ардагерлер.

Музейдің басты мақсаты өңіріміздің бай тарихи-мәдени мұрасын сақтап, келер ұрпаққа насихаттаумен қатар, археологиялық, этнографиялық, табиғи және тарихи жәдігерлерді жинақтау арқылы халқымыздың өткенін таныту, ұлттық бірегейлікті нығайту және елдің рухани жаңғыруына ықпал ету болып табылады. Сондықтан Ұлытау облысының тарихи-археологиялық музейі ғылыми-зерттеу, ағартушылық және мәдени-танымдық қызметтері арқылы қоғам мен тарих арасындағы байланысты нығайтып, жергілікті тұрғындар мен қонақтарға тарихи сананы қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосып жүргені сөзсіз.

Марал ШАХАЕВА.
Суреттерді түсірген автор.



мәдени құндылығы жоғары жәдігерлермен тарихи сабақтастық көрсетілген.

Үшінші зал – XX ғасырдың қоғамдық-саяси тарихына арналған. Алаш зиялылары, Степлаг, Екінші Дүниежүзілік соғыс, ауыл шаруашылығының дамуы жайлы мағлұматтар ұсынылған.

Соңғы – Қазыналы өлке тарихи залында аймақ өндірісінің дамуы, алғашқы геологтар, Қаныш Сәтбаевтың голограммасы, Жезқазған қаласының тарихы, Ғарыш айлағы, Чернобыль, Ауған соғысы, Төжік-Ауған шекарасын-

Көрме таныстырылымы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Ұлытау облысында туризм кластерін дамыту мақсатында ашылған 9 туристік маршруттар мен туроператорлар көрсетілген туристік картамен аяқталды.

Музейге қойылған тарихи жәдігерлер мен құндылықтардың әрбірі – аса маңызды және тұнып тұрған тарих. Бүгінгі іс-шарадан алған әсеріміз ерекше. Құнды мәліметтерді жинақтау оңай іс емес. Жаңартылған музей қай қырынан алсақ



ҚАПЫ ҚАЛМА, ОҚЫРМАН!

Балалар мен жасөспірімдер кітапханасы өзінің 20 жылдық мерейтойына орай «Кітапқа жол» атты мектепаралық сайысты бастады. Мақсат – өскелең ұрпақты кітап оқуға деген сүйіспеншілігін ояту әрі оқуға үндеу. Оқу мәдениетін дамыта отыра, білімді ұрпақтың санын арттыру, сөздік қорын байыту – аталмыш сайыстың негізгі міндеті.



Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен басталған сайысқа қала мектептерінің оқушылары қатыса алады. Бастауыш сынып оқушылары 3-4 кітаптан, жоғары сынып оқушылары 10-нан кем емес кітап оқуы тиіс. Сайысқа қатысушылар кітап оқып қана қоймай, өздері оқыған кітап жайлы әлеуметтік желілерде видео жариялауы тиіс. «Кітапқа жол!» хештегін белгілеп, пост, эстафеталар жолдауына да болады. Сайыс қорытындысында оқушылар өздері оқыған кітаптары жайлы пікірін айтып, оқыған кітаптарының мазмұны бойынша арнайы дайындалған сұрақтарға жауап беруі тиіс. Жыл бойы жалғасатын сайыстың нәтижесінде әр мектептің үздік оқырманы мен үздік кітап оқытын сыныбы анықталмақ. Сондай-ақ «Үздік кітап оқытын мектеп» номинациясы да белгіленіп отыр. Ақшалай сыйақы тағайындалған сайыстың қорытындысы 2026 жылдың желтоқсан айына жоспарланған.

Айым БЕКТАС.



ЖӘРМЕҢКЕ – БАҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету – бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі. Осы бағытта Сәтбаев қаласында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Соның айқын көрінісі – әр сенбі сайын ұйымдастырылатын ауыл шаруашылық жәрмеңкесі. Қала тұрғындары үшін жақсы дәстүрге айналған бұл шара халықтың сапалы әрі қолжетімді өніммен қамтамасыз етуді мақсат етеді.

Апта сайын өтетін жәрмеңкеге бұл жолы да арнайы барып, сауда барысын көзбен көріп қайттық. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, жәрмеңкеге келушілердің қарасы қалың. Бұл тұрғындардың жәрмеңкеге деген сенімінің жоғары екенін, әрі мұндағы өнім бағасының нарықтағыдан төмен әрі тұрақты екенін көрсетеді.

Жәрмеңкеде жергілікті шаруалардың ет, сүт, жұмыртқа, көкөніс және өзге де ауыл шаруашылығы өнімдері кең көлемде ұсынылған. Табиғи, балғын әрі сапалы тауарларға сұраныс жоғары. Тікелей өндіріштен жеткізілген өнімдердің делдалсыз сатылуы да бағаның қолжетімді болуына мүмкіндік беріп отыр.

Сонымен қатар жәрмеңкеде өзге өңірлерден әкелінген өнімдер де бар. Мәселен, Қызылорда облысынан жеткізілген құрт, қаймақ және басқа да сүт өнімдері тұрғындардың ерекше қызығушылығын тудырды. Бұл жәрмеңкенің ауқымының кең екенін және халыққа ұсынылатын тауар түрлерінің жылдан-жылға артып келе жатқанын аңғартады. Ең басты талап – өнім бағасының белгіленген шектен аспауы. Барлық тауарлардың баға-

сы сөрелерде ашық көрсетілген. Бұл сатып алушылар үшін де, сатушылар үшін де айқындық пен сенімділікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар қала әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімінің мамандары жәрмеңке барысында кезекшілік жасап, бағаның негізсіз қымбаттамауын, сауда талаптарының сақталуын тұрақты бақылауда ұстайды.

Жәрмеңкенің әлеуметтік маңызы да зор. Ол тұрғындарды сапалы әрі арзан өніммен қамтамасыз етеді, жергілікті шаруаларға өз өнімдерін тікелей сатуға мүмкіндік береді, ішкі нарықты тұрақтандыруға ықпал етеді, тұтынушы мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтады.

Тұрғындардың айтуынша, жәрмеңкеде баға нарықтағыдан анағұрлым төмен әрі өнімнің сапасына деген сенім жоғары. Сондықтан көпшілік апта сайын осы жәрмеңкені күтіп, қажетті азық-түлігін осы жерден алуды әдетке айналдырған.



ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ПІКІРІ:

Айгүл ТӨЛЕГЕНОВА,
қала тұрғыны:

– «Жәрмеңкеге әр сенбі сайын келемін. Мұнда баға тұрақты, өнім сапалы. Әсіресе сүт пен ет өнімдерін тікелей шаруалардан алу ыңғайлы әрі сенімді. Бұл біз сияқты көп балалы отбасылар үшін өте маңызды», – дейді.

Нұрлан БАЙМЕНОВ,
қала тұрғыны:

– «Өткен аптада Қызылордадан әкелінген құрт пен қаймақ алдым. Бағасы қолжетімді, сапасы жоғары. Мұндай жәрмеңке тұрғындарға нақты көмектесіп отыр», – дейді ол қуанышпен бөлісіп.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ПІКІРІ:

Жанболат САРИЕВ, фермер:

– «Жәрмеңке бізге өнімдімізді тікелей сатуға мүмкіндік береді. Делдалсыз жұмыс істейміз, бағамызды өзіміз белгілейміз, бірақ қала әкімдігі бағаның негізсіз қымбаттамауын қадағалап отырады. Бұл біз үшін де, сатып алушылар үшін де тиімді», – дейді.

Айнұр КӘКІМБАЕВА,
сүт өнімдері өндірушісі:

– «Жәрмеңке – ауыл шаруашылығы өнімдерін насихаттап, тұрақты тұтынушы табуға мүмкіндік беретін жақсы алаң. Тұрғындар бізге сенеді, бізге де жауапкершілік жүктеледі. Бағаның қолжетімді болуы – басты талап», – дейді.

Досан ДУЛЫҒАЛЫ.

